ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы

ЖЕРАСТЫ ӨРТ СӨНДІРУ ГИДРАНТТАРЫ

Жалпы техникалық шарттар

Техника пожарная

ГИДРАНТЫ ПОЖАРНЫЕ ПОДЗЕМНЫЕ

Общие технические условия

ҚР СТ 2800–2015

(ГОСТ Р 53961–2010 «Өрт сөндіру техникасы. Жерасты өрт сөндіру гидранттары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері», MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы

ЖЕРАСТЫ ӨРТ СӨНДІРУ ГИДРАНТТАРЫ

Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 2800–2015

(ГОСТ Р 53961–2010 «Өрт сөндіру техникасы. Жерасты өрт сөндіру гидранттары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері», MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы **ӘЗІРЛЕП**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2015 жылғы «18» желтоқсандағы № 261-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Ресей Федерациясының ГОСТ Р 53961–2010 «Өрт сөндіру техникасы. Жерасты өрт сөндіру гидранттары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері» ұлттық стандартына қатысты қосымша ережелер енгізу жолымен модификацияланды, оларға «Кіріспе» құрылымдық элементінде және стандарт мәтіні бойынша түсіндірмелер курсивпен берілді.

ГОСТ Р 53961–2010 Ресей Федерациясы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың зардаптарын жою министрлігінің «Бүкілресейлік өртке қарсы қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» федералдық мемлекеттік мекемесі әзірлеген.

Негізінде осы стандарт әзірленген ГОСТ Р 53961–2010 ресми даналары, сондай-ақ онда сілтеме жасалған мемлекетаралық стандарттар Нормативтік техникалық құжаттардың бірегей мемлекеттік қорында бар.

«Нормативтік сілтемелер» аталатын 2-бөлімде нормативтік құжаттарға жасалған сілтемелер өзектендірілген.

ГОСТ Р 53961–2010 құрылымын осы стандарттың құрылымымен салыстыру Е қосымшасында келтірілді. ГОСТ Р 53961–2010 құрылымы Қазақстан Республикасы Ұлттық стандартын құру, баяндау, рәсімдеу және мазмұндау ерекшеліктеріне байланысты өзгертілді.

Сәйкестік дәрежесі – түрлендірілген (MOD)

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы», 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V «Азаматтық қорғаныс туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 «Сәйкестікті растау рәсімдері» техникалық регламентін бекіту туралы», 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы», 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» қаулыларының нормалары іске асырылды.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2020 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» көрсеткішінде, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні – ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (алмастырылған) немесе күшін жойған жағдайда тиісті ақпарат ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланатын болады.

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіріп басуға, көбейтуге және ресми басылым ретінде таратуға болмайды.

Мазмұны

	Кіріспе	V
1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Жіктелуі	3
5	Жалы техникалық талаптар	4
6	Қауіпсіздік талаптары	8
7	Қоршаған ортаны қорғау талаптары	9
8	Қабылдау ережелері	9
9	Сынау әдістері	10
10	Тасымалдау және сақтау	18
11	Пайдалану бойынша нұсқаулар	18
12	Дайындаушының кепілдігі	19
	А қосымшасы (*ақпараттық*). Жерасты өрт сөндіру гидрантының схемасы.	20
	Б қосымшасы (*міндетті*). Өрт сөндіру гидранты емігінің сыртқы бұрандасының схемасы	22
	В қосымшасы (*міндетті*). Өрт сөндіру гидранттарын қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттық сынақтардан өткізу бағдарламасы	23
	Г қосымшасы (*ақпараттық*). Гидравликалық стендтің схемасы	25
	Е қосымшасы (*ақпараттық*). ГОСТ Р 53961–2010 құрылымын осы стандарттың құрылымымен салыстыру	26
	Библиография	30

Кіріспе

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» қаулысының 35-тармағында белгіленген талаптарды орындау мақсатында әзірленді және техникалық регламентке дәлелді база болып табылады.

Осы стандартқа енгізілген Ресей Федерациясының ГОСТ Р 53961–2010 ұлттық стандартына қатысты негізгі өзгертулер төменде санамаланды:

а) ҚР СТ 1.5–2013 талаптарына сәйкес осы стандарттың атауы «Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері» бөлігінде «Жалпы техникалық шарттар» деп өзгертілді.

б) мынадай кіші бөлімдер енгізілді:

- 9.1 «Сынақ шарттары»;
- 9.2 «Сынақ құралдары»;

в) мынадай қосымша талаптар енгізілді:

- әсер етуші факторларға төзімділік (кіші бөлім 5.5);
- таңбалауға (кіші бөлім 5.8);
- орауға (кіші бөлім 5.9);
- қауіпсіздікке (бөлім 6);
- қабылдау ережелеріне (бөлім 8);

г) мынадай Қосымшалар енгізілді:

- В (міндетті). Өрт сөндіру гидранттарын қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттық сынақтардан өткізу бағдарламасы;
- Е (ақпараттық). ГОСТ Р 53961–2010 құрылымын осы стандарттың құрылымымен салыстыру.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы
ЖЕРАСТЫ ӨРТ СӨНДІРУ ГИДРАНТТАРЫ
Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2017.01.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ГОСТ 5525 бойынша суқұбыры желісінде өртсөндіргіш тұғырына орнатылатын, ғимараттар мен құрылыстарда өрт сөндіру мақсатында ҚР СТ 2801 бойынша өрт сөндіру колонкаларының көмегімен су алуға арналған жерасты өрт сөндіру гидранттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – өрт сөндіру гидранттары) таралады.

Осы стандарт жерүсті өрт сөндіру гидранттарына таралмайды.

Стандарттың ережелері өнімді әзірлеу және өндіріске қою, өндіру, өнімді өткізу және жетілдіру кезінде қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін сілтеме жасалатын мынадай нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.4–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жүргізу және өлшеу құралдарының типін бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75–2009 Қазақстан Республикасыныңк Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026–2002 Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық таңбалар. Жалпы техникалық талаптар және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1174–2003 Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасы. Негізгі түрлері, орналастыру және қызмет көрсету.

ҚР СТ 2801–2015 Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру колонкасы. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 2.601–2013 Конструкторлық құжаттаманың бірегей жүйесі. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 9.014–78 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Бұйымдарды жемірілуге қарсы уақытша қорғау. Жалпы талаптар.

ГОСТ 9.032–74 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Лак-бояу жағындылары. Топтары, техникалық талаптар және белгілеулер.

ГОСТ 9.104–79 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Лак-бояу жағындылары. Пайдалану шарттарының топтары.

ГОСТ 9.302–88 Жемірілуден және ескіруден сақтаудың бірегей жүйесі. Металл және металл емес бейорганикалық жабындар. Тексеру әдістері.

ГОСТ 9.402–2004 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Лак-бояу жағындылары. Металл беттерді бояуға дайындау.

ГОСТ 12.0.004–90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.0.230–2007 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қорғауды басқару жүйесі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.2.003–91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік жабдық. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.2.037–78 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт сөндіру техникасы. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.3.006–75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Суқұбыры және канализация құрылғылары мен желілерін пайдалану. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 166–89 Штангенциркульдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 427–75 Өлшегіш метал сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 613–79 Қалайылы құйма қола. Таңбалар.

ГОСТ 1020–97 Қалыптарда құйылған жез. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2405–88 Манометрлер, вакуумметрлер, мановакуумметрлер, арынөлшегіш, тарту күшін өлшегіш, тарту және арын күшін өлшегіш. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2874–82 Ауыз су. Гигиеналық талаптар және тұтқаны бақылау.

ГОСТ 2991–85 Салмағы 500 кг дейін жүктерге арналған тұтас тақтай жәшіктер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 4366–76 Синтетикалық солидол майы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4666–75 Құбыржелілік шеген. Таңбалау және айыру бояуы.

ГОСТ 5264–80 Қолмен айналдыра дәнекерлеу. Дәнекерлік қосылыстар. Негізгі типтері, конструктивтік элементтері және өлшемдері.

ГОСТ 5525–88 Құбыржелілеріне арналып құм қалыптарға құйылып дайындалған шойын қосылыс бөліктері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5632–2014 Жоғарықоспалы тот баспайтын болат және жемірілуге төзімді, ыстыққа төзімді әрі ыстыққа берік қорытпалар. Таңбалар.

ГОСТ 6357–81 Өзара алмастырушылықтың негізгі нормалары. Цилиндр құбыр бұрандасы.

ГОСТ 7338–90 Резеңке және резеңке-мата тілімдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9013–59 Металдар. Роквелл бойынша қаттылықты өлшеу әдісі.

ГОСТ 9569–79 Балауыздалған қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13837–79 Жалпы мақсаттағы динамометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192–96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 15150–69 Машиналар, аспаптар және басқа техникалық құралдар. Әртүрлі ауа-райлық аудандар үшін орындаулар. Сыртқы ортаның ауа-райлық факторларының әсері бөлігінде санаттары, пайдалану шарттары, сақталуы және тасымалдануы.

ГОСТ 16037–80 Болат құбыржелілерінің дәнекерлік қосылыстары. Негізгі типтері, конструктивтік элементтері және өлшемдері.

ГОСТ 16093–2004 Өзара алмастырушылықтың негізгі нормалары. Метрикалық бұранда. Шақтамалар. Саңылаулап орнату.

ГОСТ 16504–81 Өнімді мемлекеттік сынау жүйесі. Өнімді сынау және сапасын бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 18321–73 Сапаны статистикалық бақылау. Тексеру өнімін таңдауды кездейсоқ іріктеу әдісі.

ГОСТ 23170–78 Машинажасау өнімдеріне арналған қаптама. Жалпы талаптар.

ГОСТ 24705–2004 Өзара алмастырушылықтың негізгі нормалары. Метрикалық бұранда. Негізгі өлшемдері.

ГОСТ 24738–81 Өзара алмастырушылықтың негізгі нормалары. Біркірісті трапеце-идалдық бұранда. Диаметрлер мен қадамдар.

ГОСТ 25347–2013 Өзара алмастырушылықтың негізгі нормалары. Өнімдердің геометриялық сипаттары. Желілік өлшемдерге шақтау жүйесі. Шақтамалар қатары, ойықтардың және жалдардың шекті ауытқулары.

ГОСТ 26358–84 Шойын құймалар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 26645–85 Металл және қорытпа құймалар. Өлшемнің, салмақтың шақтамалары және механикалық өңдеуге шығатын қосымшалар.

Ескертпе – Осы стандартты пайдалану кезінде сілтеме жасалған стандарттардың қолданыста екендігін жыл сайын басылып шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінен ағымдағы жыл жағдайына және сәйкесінше ай сайын басылып шығатын ағымдағы жылы жарияланған ақпараттық көрсеткіштер бойынша тексерген орынды. Егер сілтеме жасалып отырған құжат алмастырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдалану кезінде алмастырылған (өзгертілген) құжатты пайдалану керек. Егер сілтеме жасалған құжат алмастырусыз күшін жойған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ГОСТ 16504, [4], белгіленген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Өрт сөндіру гидранты тұрқының ішкі диаметрі**, $d_{вн}$: Өрт сөндіру гидрантының ішкі арнасының өту қимасының ішкі диаметрі.

3.2 **Өрт сөндіру гидрантындағы гидравликалық қарсылық**, S: Өрт сөндіру гидрантының ағыс бөлігіндегі гидравликалық қысымды сипаттайтын шама.

3.3 **Жұмысшы қысым**, $P_{раб}$: Өрт сөндіру гидрантының жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін қысым.

3.4 **Өрт сөндіру гидрантын ашуға немесе жабуға арналған арнайы кілт**: Шетінде төртбұрышты бастиегі, жоғарғы бөлігінде орналасқан тұтқасы бар құрылғы, онымен өрт сөндіру гидрантының ысырмасын ашу немесе жабу үшін өрт сөндіру гидранты жабдықталады.

3.5 **Шартты өту**, *DN*: Өрт сөндіру гидранты тұрқының ішкі диаметрінің жуық сандық белгісі, ол құбыржолы жүйелерінің барлық жалғасқан құрамдастарына ортақ, өлшенетін шама болып табылмайды.

3.6 **Өрт сөндіру колонкасының орталық кілті:** Шетінде төртбұрышты бастиегі, жоғарғы бөлігінде орналасқан тұтқалары бар Т -тәрізді құрылғы, ол өрт сөндіру колонкасы арқылы өтеді және өрт сөндіру гидрантының клапанын ашуға арналған.

3.7 **Өрт сөндіру гидрантының қарнағы:** Өрт сөндіру гидранты арқылы өтетін және бекіткіш құрылғыны басқару органын (өрт сөндіру колонкасының орталық кілтін) өрт сөндіру гидрантының клапанымен жалғастыратын арқау.

3.8 **Өрт сөндіру гидрантының соташығы:** Қаптамаға салынып, өрт сөндіру гидрантының сырт жағына орналастырылған және өрт сөндіру гидранты ысырмасының бекіткіш құрылғысын арнайы кілттің көмегімен ашуға немесе жабуға арналған арқау.

4 Жіктелуі

4.1 Өрт сөндіру гидранттары биіктігіне қарай, *H*, (мм) 250 мм интервалмен 500 ден 3500 мм қоса алғанға дейін типтік өлшемдер бойынша жіктеледі.

4.2 Өрт сөндіру гидранттары тұрқының шарттық өтуіне қарай, *DN*: *DN* 100; *DN* 125; *DN* 150 типтік өлшемдер бойынша жіктеледі.

4.3 Өрт сөндіру гидранттары құрылысының ерекшеліктеріне қарай олардың ашылуы және жабылуы:

а) бұрандалы жалғастырудың көмегімен өрт сөндіру гидрантына өрт сөндіру колонкасын орнатқаннан кейін колонка кілтін айналдырып бұраумен;

б) өрт сөндіру гидрантының ысырмасын ашып- жабуға арналған арнайы кілттің көмегімен жүзеге асырылады.

5 Жалпы техникалық талаптар

5.1 Мақсаттылығына қойылатын талаптар

5.1.1 Өрт сөндіру гидранттары осы стандарттың [4], стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттардың және нақты типтегі өрт сөндіру гидранттарына арналған нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Өрт сөндіру гидранттарының схемалары А қосымшасының А.1 және А.2 суреттерінде берілді.

5.1.2 Өрт сөндіру гидранттарының мақсаттылығы көрсеткіштерінің параметрлері 1-кестеде белгіленген мәндерге сәйкес келуі тиіс.

Кесте 1 – Өрт сөндіру гидранттары мақсаттылығының көрсеткіштері

Параметрінің атауы	Мәні		
1 Жұмысшы қысым $P_{раб}$, (МПа), артық емес	1		
2 Гидранттың биіктігі H, (мм)	500 ден 3500 дейін		
3 Өрт сөндіру гидранты тұрқының ішкі диаметрі, шартты өтуі, DN	100	125	150
4 Клапанның қозғалысы, мм	24 тен 30 дейін		
5 Тіреуіштегі айналдырықтың люфті, ось бойынша, мм, артық емес	0,4		
6 Клапан (ысырма) толық ашылғанға дейінгі қарнақтың (соташықтың) айналыс саны	12 ден 15 дейін		
7 Гидравликалық қарсылық S, ($с^2/м^5$), өрт сөндіру гидрантының биіктігі H =1000 мм болғанда, артық емес [1)]	1300	1200	1100
8 Өрт сөндіру гидрантының салмағы, биіктігі H =1000 мм болғанда, кг, артық емес [2)]	85	95	105

[1)] Гидравликалық қарсылықтың өзгеруі өрт сөндіру гидрантының әрбір 250 мм биіктігіне 50 $с^2/м^5$аспауы тиіс;

[2)] Салмағының өзгеруі өрт сөндіру гидрантының әрбір 250 мм биіктігіне 10 кг аспауы тиіс.

5.2 Құрылысына қойылатын талаптар

5.2.1 Өрт сөндіру гидранты тұрқының құрылысы жұмысшы қысымнан 1,5 есе артық гидравликалық қысым кезіндегі беріктікті қамтамасыз етуі тиіс, бұл кезде механикалық қираудың және бүлінудің болуына жол берілмейді.

5.2.2 Өрт сөндіру гидрантының құрылысы жинақталған күйінде жұмысшы қысым кезінде саңылаусыздығын және тығыздығын сақтауы тиіс, бұл кезде сұйықтық тамшыларының пайда болуына және өрт сөндіру гидрантының тұрықтық бөлшектерінің қабырғалары мен ысырмасы, сондай-ақ қозғалмайтын қосылыстары арқылы және айналдырықтың қымтағышы арқылы ағуына жол берілмейді.

5.2.3 Өрт сөндіру гидрантының құрылысы қысымның барлық жұмысшы ауқымында оның ашылуын және жабылуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.4 Өрт сөндіру гидранты жұмыстан кейін қалған суды ағызуға арналған құрылғымен жарақталуы тиіс, бұл кезде жұмыстан кейін өрт сөндіру гидрантындағы қалған судың мөлшері 100 $см^3$аспауы тиіс.

5.2.5 Өрт сөндіру гидрантының қақпағы мен оның жетегі кемінде 30 кН осьтік жүктемеге төтеп беруі тиіс.

5.2.6 *ҚР СТ 2801* бойынша өрт сөндіру колонкасы өрт сөндіру гидранты тұрқының ішкі диаметрінің шартты өтуіне қарамастан оған еркін бұралуы тиіс, бұл ретте өрт сөндіру гидрантының емігі айналып кетпеуі тиіс.

Өрт сөндіру гидранты емігінің сыртқы бұрандасы Б қосымшасындағы Б.1суретке және Б.1 кестесіне сәйкес қабылданады.

5.2.7 Гидрант емігінің бұранда бөлігі қайырма клапанпен жабдықталуы тиіс. Қайырма клапанның құрылысы өрт сөндіру колонкасын еркін айналдыруға кедергі келтірмеуі тиіс.

5.2.8 Өрт сөндіру гидрантын өрт сөндіру колонкасының кілтімен немесе өрт сөндіру гидрантының ысырмасын арнайы кілтпен ашып-жабуға арналған соташықпен жалғастыруға арналған қарнақ шаршысының өлшемі ГОСТ 25347 сәйкес 12-ші квалитет бойынша дәлдікпен 22 мм × 22 мм болуы тиіс.

5.2.9 Қарнақ шаршысының беті 26 HRC дан 38 HRC дейін қатты болуы тиіс.

5.3 Материалдар мен өнімдерге қойылатын талаптар

5.3.1 Гидранттың құймасы ГОСТ 26358 сәйкес болуы тиіс. Сұр шойын құймалардың өлшемдері мен салмағының ауытқуы ГОСТ 26645 бойынша дәлдіктің сегізінші класына сәйкес келуі тиіс.

5.3.2 Құйма бөлшектердің (келте құбыр, тұрық, емік, клапанның тұрқы) тиісіп тұратын беттерінде қуыстар, қож түйіршіктері, сызаттар және басқа ақаулар болмауы тиіс.

5.3.3 Механикалық және жемірілуге қарсы қасиеттері бойынша еміктің бұранда бөлігінің материалы ГОСТ 1020 бойынша жездің ЛК1 немесе ГОСТ 613 бойынша қоланың *Бр* О5Ц5С5 қасиетінен кем түспеуі тиіс.

5.3.4 Өрт сөндіру гидранттарының айналдырығы негізгі қасиеттері ГОСТ 5632 бойынша 30Х13 маркалы болаттан кем түспейтін материалдан дайындалуы тиіс.

5.3.5 Клапанның ершігі (клапан қойылатын жер) негізгі қасиеттері ГОСТ 1020 бойынша жездің ЛК1 немесе ГОСТ 613 бойынша қоланың *Бр* О5Ц5С5 қасиетінен кем түспейтін материалдан дайындалуы тиіс.

Ескртпе – Клапанның ершігін өрт сөндіру гидрантының тұрқына қойылатын жеріне мырыш сала отырып орналастыруға жол беріледі.

5.3.6 Материалдарды және жинақтаушы өнімдерді механикалық және техникалық сипаттары, сондай-ақ жемірілуге қарсы қасиеттері аталғандардан кем түспейтін, өнімнің тұтқасы мен сенімділігін нашарлатпайтын, оларға қойылатын талаптарға жауап беретін және өрт сөндіру гидранттарын пайдалану талаптарын қанағаттандыратын басқа өнімдермен алмастыруға жол беріледі.

5.3.7 Типтік өлшемдері бірдей өрт сөндіру гидранттарын дайындау технологиясы оның жинақтаушы бірліктері мен бөлшектерінің толықтай бірін-бірі алмастыруын қамтамасыз етуі тиіс.

5.3.8 Өрт сөндіру гидранттарының бөлшектерінде жемірілу, жапырылу, жаншылу, сызат іздері және басқа механикалық бүлінулер мен ақаулардың болуына жол берілмейді.

Бөлшектердегі үшкір бұрыштар мен жиектер доғалдандырылуы тиіс.

5.3.9 Метрикалық бұрандалар ГОСТ 24705 сәйкес келуі тиіс, ГОСТ 16093 бойынша жиектері:

а) ішкі метрикалық бұранда үшін – 7*H*;

б) сыртқы метрикалық бұранда үшін – 8*g*.

Трапецеидалдық бұрандалар ГОСТ 24738 сәйкес келуі тиіс.

Бұранданың бетінде жарықтар, әр жерінде үзілулер, тегіс емес жерлер болса, олар тереңдігі бойынша бұранданың орташа диаметрінің шегінен шығып кетсе және олардың жалпы ұзындығы орам ұзындығының жартысынан асса, оларды пайдалануға жол берілмейді.

5.3.10 Жекелеген бөлшектерді, жинақ бірліктерін бекіту, өрт сөндіру гидрантын пайдалану кезінде олардың өздігінен жеңілдету және ағытылып кетуін болдырмауы тиіс.

5.4 Эргономика талаптары

5.4.1 Өрт сөндіру гидранттарының бекіткіш құрылғыларын басқару органдары белгіленген ауқымдағы жұмыс кезінде баяу жылжуы тиіс.

5.4.2 Өрт сөндіру гидранттарының клапанын өрт сөндіру колонкасының кілтімен немесе өрт сөндіру гидранттары ысырмасының арнайы кілтімен ашып-жабу күші 150 Н артпауы тиіс.

5.5 Әсер етуші факторларға төзімділік талаптары

5.5.1 Өрт сөндіру гидранттары ГОСТ 15150 талаптарына ауа-райлық әсерлерге төзімділік бойынша орындау санаттары бөлігінде сәйкес келуі және УХЛ ауа-райлық орындауда дайындалуы тиіс, ГОСТ 15150 бойынша орналасу санаты 1.1.

5.5.2 Өрт сөндіру гидранттарының негізгі тораптары мен бөлшектері механикалық және жемірілуге қарсы қасиеттері бар, белгіленген пайдалану шарттарында сумен жұмыс істеу кезінде өнімдердің жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін материалдардан дайындалуы қажет.

5.5.3 Өрт сөндіру гидранты клапанының шығыршығы ГОСТ 7338 бойынша қаттылығы жоғары аязға төзімді резеңкеден дайындалуы тиіс. ГОСТ 7338 бойынша ТМКЩ маркалы резеңкеден кем түспейтін механикалық қасиеттері бар басқа тығыздауыш материалдарды қолдануға болады.

5.5.4 Тапсырыс берушімен келісім бойынша өрт сөндіру гидранттарын жылылау үшін полиуретаннан немесе қасиеттері бойынша полиуретаннан кем түспейтін басқа жылылау материалдарынан арнайы қаптама пайдаланылуы мүмкін.

5.5.5 *Өрт сөндіру гидранттары жемірілуге берік болуы тиіс.*

Өрт сөндіру гидрантының сыртқы бетінің лак-бояу жағындысы ГОСТ 9.032 талаптарына сәйкес болуы, ГОСТ 9.104 бойынша УХЛ 4 пайдалану шарттары үшін кемінде VI класты болуы тиіс.

Металл беттерді бояу алдында дайындау ГОСТ 9.402 талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Лак-бояу жағындылары өзінің қасиеттерін нақты типтегі өрт сөндіру гидрантына берілген пайдалану құжаттамасында белгіленген пайдалану мерзімі бойына сақтауы тиіс.

5.5.6 Өрт сөндіру гидранттарының ернемектерін дәнекерлеу ГОСТ 16037 талаптарына сәйкес жүргізіледі, болат құрастырылымдардың қалған дәнекерлік қосылыстары ГОСТ 5264 талаптарына сәйкес орындалады, бұл кезде пісірілмеген жерлер, балқыған қатпарлар, тілікшелер, дәнекрлеу бөлшектерінің жылжып кетуі,

сондай-ақ өрт сөндіру гидранттарының сапасы мен сенімділігіне әсер ететін басқа ақауларға жол берілмейді.

5.6 Сенімділік талаптары

5.6.1 Өрт сөндіру гидранттарының қызмет мерзімі 10 жылдан кем болмауы тиіс.

5.6.2 Өрт сөндіру гидранты 200 қолдану циклынан кейін де жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс.

Ескертпе – Цикл деп мынаны есептеу керек: өрт сөндіру гидрантының толық ашылуы; гидравликалық жұмысшы қысым кезінде кемінде 60 с бойы жұмыс істеуі; гидранттың толық жабылуы; судың ағызу клапаны арқылы ағуы.

5.7 Жиынтықтылығы

5.7.1 Жеткізілімнің жинағына:

а) өрт сөндіру гидранты және пайдалану құжаттамасында көзделген жинақтаушы өнімдер;

б) пайдалану құжаттары: нақты типтегі өрт сөндіру гидрантына паспорт; техникалық сипаттау; пайдалану жөніндегі нұсқаулық немесе ГОСТ 2.601 талаптарына сәйкес оларды алмастыратын бірегей құжат кіруі тиіс.

5.7.2 Пайдалану құжаттамасында:

а) мақсаттылық көрсеткіштерінің 5.2.1.сәйкес параметрлері және олардың мәндері;

Ескертпе – Қажет болған жағдайда мақсаттылық көрсеткіштерінің номенклатурасына 5.2.1. көрсетілмеген параметрлер мен олардың мәндері енгізілуі мүмкін.

б) консервациялау датасы және қайта консервациялаусыз белгіленген қорғау мерзімі, сондай-ақ консервациялаудан шығару әдісі көрсетілуі тиіс.

5.7.3 *Пайдалану құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалуы тиіс.*

5.8 Таңбалау

5.8.1 *Өрт сөндіру гидранты ГОСТ 4666 және* [2] *талаптарына сәйкес таңбалануы тиіс.*

5.8.2 *Таңба өрт сөндіру гидрантының бүйір бетіне техникалық қызмет көрсетуге және пайдалану құжаттамасымен салыстыруға ыңғайлы жерге салынуы тиіс.*

5.8.3 Өрт сөндіру гидранттарының таңбасы мынадай ақпаратты құрауы тиіс:

а) дайындаушының атауы, мекенжайы және тауарлық белгісі;

б) дайындаушының жүйесі бойынша шартты белгі;

в) зауыттық нөмір;

г) өрт сөндіру гидрантының биіктігі, мм;

д) тұрқының ішкі диаметрінің шартты өтуі, *DN*;

е) дайындалған жылы.

5.8.4 Таңбаны салу әдісі өрт сөндіру гидранттарының қызмет мерзімі бойына таңбаның сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.9 Орау

5.9.1 *Орау алдында өрт сөндіру гидранты тазалануы, ішкі қуыстары кептірілуі және ГОСТ 9.014 талаптарына сәйкес консервацияланууы тиіс, бұл кезде консервация мерзімі бір жылдан кем болмауы тиіс.*

5.9.2 Өрт сөндіру гидранттарының металл бөлшектерінің сырланбаған беттері және ашық бұрандалары ГОСТ 4366 бойынша пресс-солидол маркалы маймен майлануы және қорғаныш нұсқасы ВЗ-1, ВЗ-2 болуы тиіс.

5.9.3 Консервацияланғаннан кейін барлық тесіктер тығындармен және бекіткіштермен жабылуы тиіс.

5.9.4 Өрт сөндіру гидранты орау қағазымен оралуы және ГОСТ 2991 бойынша жәшікке немесе тасымалдау және сақтау кезінде бүтіндігін қамтамасыз ететін басқа салынуы тиіс.

5.9.5 Орау ГОСТ 23170, [1], талаптарына сәйкес болуы және өрт сөндіру гидрантын тиеу, тасымалдау мен түсіру кезінде оның жәшікте (ыдыста) жылжып кетуін болдырмайтындай етіп орындалуы тиіс.

5.9.6 *Өрт сөндіру гидрантын тасымалдау ыдысының түрі және таңбалануы дайындаушы мен тұтынушының арасындағы келісім бойынша айқындалады.*

5.9.7 Ыдысқа немесе орамға ГОСТ 14192 талаптарына сәйкес көліктік таңба салынады.

5.9.8 *Тасымалдау және сақтау кезінде дұрыс әрекет істеу үшін әрбір ыдысқа немесе орамға* ГОСТ 14192 *бойынша «Сынады. Абайлаңыз», «Жоғары» және «Күн сәулесінен қорғалсын» деген манипуляциялық белгілер салынуы тиіс.*

5.9.9 *Өрт сөндіру гидрантына арналған пайдалану құжаттамасы* ГОСТ 9569 бойынша *«Е» немесе «Б» маркалы орау қағазына яки «БП-5» маркалы парафинделген қағазға оралуы немесе полиэтилен пакетке салынуы және «Құжаттама осында» деп көрсетіліп, өрт сөндіру гидрантымен бірге ыдысқа салынуы тиіс.*

6 Қауіпсіздік талаптары

6.1 *Өрт сөндіру гидранттарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету, сынау және жөндеу кезінде ҚР СТ 1174,* ГОСТ 12.2.003, ГОСТ 12.2.037, [4] *белгіленген қауіпсіздік талаптары, осы стандартта және стандарттау жөніндегі өзге нормативтік құжаттар мен нақты типтегі өрт сөндіру гидранттарына берілген нормативтік техникалық құжаттарда көрсетілген қауіпсіздік талаптары сақталуы тиіс.*

6.2 *Сынақтар мен жөндеу жұмыстары жүргізілетін орындарда ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 және* [3] талаптарына сәйкес «Сынақ жүргізіліп жатыр» деген түсіндірме жазбамен қоса *«Назар аударыңыз. Қауіпті» ескерту белгілері орнатылуы, сондай-ақ қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар мен ережелер ілінуі тиіс.*

6.3 *Өрт сөндіру гидранттарына техникалық қызмет көрсету, сынау және жөндеу жұмыстарына:*

а) ГОСТ 12.0.004 пен ГОСТ 12.0.230 бойынша *арнайы нұсқаудан, қауіпсіз еңбек әдістеріне оқудан өткен;*

б) *қолданыстағы заңнамаға сәйкес медициналық тексеруден өткен тұлғалар жіберіледі.*

6.4 Жөндеу-алдын-алу жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін суқұбырының желісі жабылып, құдықтағы су саркылып шығарылуы тиіс.

6.5 Жұмыс басталар алдында емік бұрандасының өрт сөндіру колонкасымен қосылысының тығыздығын тексеру қажет.

7 Қоршаған ортаны қорғау талаптары

7.1 Өрт сөндіру гидранттарын сақтау мен тасымалдау уақытында майлау (консервациялық) материалдарының ағуына жол берілмейді.

7.2 *Майлау (консервациялау) материалдары өрт сөндіру гидранттарын суқұбыры желісіне орнатқанға дейін жойылуы тиіс.*

8 Қабылдау ережелері

8.1 Өрт сөндіру гидранттарына:

а) *қабылдау;*

б) *біліктілік;*

в) қабылдау-тапсыру;

г) кезеңдік;

д) типтік;

е) сенімділік;

ж) *сертификаттау;*

и) *пайдалану сынақтары жүргізіледі.*

8.2 *Өрт сөндіру гидранттарын қабылдау сынақтары тәжірибелік топ үлгілеріне жүргізіледі. Қабылдау сынақтарының көлемі мен жүргізу әдістемесін дайындаушы әзірлейді және өнім өндірушімен келіседі.*

8.3 *Өрт сөндіру гидранттарын біліктілікке сынау бағыт сілтейтін топтаманың немесе өндірілген алғашқы топтың үлгілеріне кәсіпорынның өнімді шығаруға әзірлігін анықтау мақсатымен жүргізіледі.*

8.4 Қабылдау-тапсыру сынақтарын нақты типтегі өрт сөндіру гидрантының тұтынушыға (тапсырыс берушіге) жіберуге жарамдылығы туралы шешім қабылдау мақсатымен дайындаушы жүргізеді.

8.5 Кезеңдік сынақтар техникалық процестің тұрақтылығын және өнім сапасын бақылау мақсатымен қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен нақты типтегі өрт сөндіру гидранттарына кемінде жылына бір рет жүргізіледі.

Сынаққа әрбір типтік өлшемдегі өрт сөндіру гидрантының кемінде үш үлгісі алынады.

8.6 Типтік сынақтар өрт сөндіру гидранттарының құрылысына немесе дайындау технологиясына жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі параметрлерге әсер етуге қабілетті өзгерістер енгізу кезінде жүргізіледі.

Типтік сынақтардың көлемі мен жүргізу әдістемесін дайындаушы әзірлейді және өнім әзірлеушімен келіседі.

8.7 Сенімділікке сынауды дайындаушы төрт жылда бір рет жүргізеді.

Сынаққа қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен әрбір типтік өлшемдегі өрт сөндіру гидрантының кемінде екі данасы алынады.

8.8 *Сертификаттау сынақтар өрт сөндіру гидранттарына олардың осы стандарттың және* [4] *талаптарына, сондай-ақ нақты типтегі өрт сөндіру гидрантына берілген пайдалану құжаттарына сәйкестігін анықтау мақсатымен жүргізіледі.*

Өрт сөндіру гидранттарына сертификаттау сынақ жүргізу тәртібі [5] *бекіту туралы талаптарына сәйкес болуы тиіс.*

8.9 Өрт сөндіру гидранттарына қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттау сынақтар жүргізу көлемі *В қосымшасындағы В.1 кестеге сәйкес қабылданады.*

8.10 *Пайдалану сынақтары өрт сөндіру гидранттарын паайдалану кезінде олардың техникалық жай-күйін анықтау мақсатымен жүргізіледі.*

Өрт сөндіру гидранттарына пайдалану сынақтарын жүргізу көлемі осы стандарттың 11.5 бойынша.

8.11 Өрт сөндіру гидранттарын бақылап сынаудың басқа түрлерін ГОСТ 16504 талаптарына сәйкес дайындаушы мен әзірлеуші бірігіп әзірлеген бағдарлама бойынша дайындаушы жүргізеді.

8.12 Сынақтың қандай да бір түрі бойынша кері нәтижелер алынған жағдайда сыналатын үлгілердің саны екі еселенеді және сынақ толық көлемде жүргізіледі.

Кері нәтижелер қайталанса, себептері анықталып, ақаулар жойылғанға дейін сынақты одан әрі жүргізу тоқтатылады.

Қайталап жүргізілген сынақтардың нәтижелері түпкілікті болып табылады және сыналатын өнімнің барлығына таралады.

9 Сынау әдістері

9.1 *Сынақ шарттары*

9.1.1 *Сынақтар, егер өнімнің нақты түріне берілген пайдалану құжаттамасында ерекше жағдайлар көрсетілмесе, ГОСТ 15150–69 (қараңыз- тармақ 3.15)сәйкес қалыпты ауа-райлық жағдайларда жүргізіледі.*

9.1.2 *Сынауға арналған үлгілерді іріктеп алу ГОСТ 18321 және* [5] *талаптарына сәйкес жүргізіледі.*

9.1.3 Пайдалану құжаттамасында көзделмесе, өрт сөндіру гидранттарын қосымша дайындауға жол берілмейді.

9.1.4 Жүргізілген сынақтардың нәтижелері деп өрт сөндіру гидрантының әрбір көрсеткішінің кемінде үш өлшеуінің орташа арифметикалық мәні қабылданады.

9.2.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы*

9.2.1 *Сынақ жүргізу кезінде қолданылатын өлшеу құралдары типінің ҚР СТ 2.21 сәйкес бекітілгені туралы немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестатталғаны туралы сертификатының болуы, Қазақстан Ресбуликасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесінің тізілімінде тіркелуі тиіс.*

9.2.2 *Нормаланған сыртқы әсер ету факторларын қалыптастыратын және (немесе) жүктеме беретін сынақ жабдығы ҚР СТ 2.75. сәйкес аттестатталуы тиіс.*

9.2.3 *Сынақтар жүргізу үшін осы стандартта берілмеген, 9.2.1 және 9.2.2 талаптарына сәйкес келетін, ұқсас метрологиялық сипаттары бар және нормаланған сыртқы әсер ету факторларын қалыптастыратын және (немесе) жүктеме беретін өлшеу құралдарын пайдалануға жол беріледі.*

9.3 Сынақ жүргізу

9.3.1 Өрт сөндіру гидрантының жұмысшы қысым кезіндегі жұмыс қабілеттілігін, қосылыстар мен қымтағыштардың саңылаусыздығын анықтау сынақтары

9.3.1.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы:*

а) *гидравликалық стенд, схемасы Г қосымшасының Г.1 суретінде берілді;*

б) электромагнитті түрлендіргіш, өлшеу ауқымы 27 ден 226,80 $м^3$/сағ дейін, және негізгі ауытқушылық шегі ± 1 %;

в) манометр, ГОСТ 2405 бойынша, өлшеу ауқымы 0 ден 1,6 МПа дейін және дәлдік класы 0,4;

г) өлшеу ыдысы, сыйымдылығы кемінде 2 $м^3$, ауытқушылығы ± 0,01 $м^3$;

д) *ортадан тепкіш сорғыш, өнімділігі кемінде 40 л/с;*

е) *сынау ортасы: су,* ГОСТ 2874 бойынша;

ж) *сұйықтық температурасын өлшейтін дірілге төзімді термометр , температура өлшеу ауытқушылығының шегі минус 20 °С тан 50 °С дейін, және негізгі ауытқушылық шегі ± 1 °С;*

и) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с, 1 сағ..*

9.3.1.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіру гидранты гидравликалық стендке орнатылады, бұл кезде өрт сөндіру гидрантының клапаны (ысырмасы)ашық болуы тиіс.

9.3.1.3 *Сынақ жүргізу*

Ортадан тепкіш сорғыш қосылады және өрт сөндіру гидранты арқылы өтетін су шығыны 10 нан 40 л/с дейін ауқымда қамтамасыз етіледі.

Су шығыны электромагниттік түрлендіргіштің көмегімен анықталады.

Ескертпе – Су шығынын мөлшерлік тәсілмен, мөлшерін және өлшеу ыдысының толу уақытын өлшеумен анықтауға жол беріледі.

ГОСТ 2405 бойынша манометрдің және ортадан тепкіш сорғыштың көмегімен нақты типтегі өрт сөндіру гидрантына берілген пайдалану құжаттамасына сәйкес жұмысшы қысым орнатылады.

Жұмысшы қысым астында шыдау мерзімі кемінде (180 ± 2) с болуы тиіс.

Белгіленген уақыт өткенде ортадан тепкіш сорғыш жабылады және өрт сөндіру гидранты сырттай қарап тексеріледі.

9.3.1.4 *Сынақ қорытындылары*

Егер:

а) *сынақ нәтижелері 5.1.2 (кесте 1, параметр 1) және 5.2.2 талаптарына сәйкес болса;*

б) *жұмысшы қысымның әсерінен кейін сырттай қарап тексеру кезінде өрт сөндіру гидранты тұрқының қабырғаларында сынау ортасының ағу белгілері, механикалық бүлінулер немесе көрінеу ақаулар қалмаған болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі,*

9.3.2 Габариттік және қосылыс өлшемдерін анықтау сынақтары

9.3.2.1 *Өлшеу құралдары*

Сынақтар жүргізу үшін ГОСТ 166 бойынша штангенциркуль пайдаланылады, өлшеу ауытқушылығы ± 0,05 мм.

9.3.2.2 *Сынақ жүргізу*

Өрт сөндіру гидрантының габариттік және қосылыс өлшемдері 1 мм дейін дәлдікпен өлшенеді.

Өрт сөндіру гидрантының ішкі диаметрін және қарнақ шаршысын (соташықты) өлшеуді ГОСТ 166 бойынша штангенциркульмен жүргізеді.

9.3.2.3 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 (кесте 1, параметрі 2 және 3), 5.2.8.талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.3 Клапан қозғалысын анықтау сынақтары

9.3.3.1 *Өлшеу құралдары*

Сынақ жүргізу үшін ГОСТ 427 бойынша металл сызғыш пайдаланылады, өлшеу ауытқушылығы ± 0,05 мм.

9.3.3.2 *Сынақ жүргізу*

Өрт сөндіру гидрантының қозғалысы өлшенеді.

9.3.3.3 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 (кесте 1, параметр 4) талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.4 Айналдырық люфтісін анықтау сынақтары

9.3.4.1 *Өлшеу құралдары*

Сынақ жүргізу үшін № 2 жинақтың қармауышы пайдаланылады.

9.3.4.2 *Сынақ жүргізу*

Қармауышпен тіреуіштегі айналдырықтың люфтін өлшейді.

9.3.4.3 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 (кесте 1, параметр 5) талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.5 Клапан (ысырма) толық ашылғанға дейін қарнақтың (соташықтың) айналыс санын анықтау сынақтары

9.3.5.1 *Сынақ жүргізу*

Клапан (ысырма) толық ашылғанға дейін қарнақтың (соташықтың) айналыс саны тиісті манипуляциялар жүргізу және қарап бақылау жолымен анықталады.

9.3.5.2 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 (кесте 1, параметр б) талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.6 Өрт сөндіру гидрантындағы гидравликалық қарсылықты анықтау сынақтары

9.3.6.1 *Өлшеу құралдары мен сынау жабдығы:*

а) *гидравликалық стенд, схемасы Г қосымшасының Г.1 суретінде берілді;*

б) дифференциалды датчик, жоғарғы өлшеу шегі 100 КПа, және негізгі ауытқушылық шегі ± 0,25 %;

в) электромагнитті түрлендіргіш, өлшеу ауқымы 2,27 ден 226,80 $м^3$/сағ дейін, және негізгі ауытқушылық шегі ± 1 %;

г) манометр, ГОСТ 2405 бойынша, өлшеу ауқымы 0 ден 1,6 МПа дейін және дәлдік класы 0,4;

д) өлшеу ыдысы, сыйымдылығы кемінде 2 $м^3$, ауытқушылығы ± 0,01 $м^3$;

е) *ортадан тепкіш сорғыш , өнімділігі кемінде 40 л/с;*

ж) *сынау ортасы: су,* ГОСТ 2874 бойынша;

и) *діріл төзімді сұйықтық температурасын өлшейтін термометр, температура өлшеу ауытқушылығының шегі минус 20 °С тан 50 °С дейін, және негізгі ауытқушылық шегі ± 1 °С;*

к) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с, 1 сағ.*

9.3.6.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіру гидранты гидравликалық стендке орнатылады, бұл кезде өрт сөндіру гидрантының қақпағы (ысырмасы)ашық болуы тиіс.

9.3.6.3 *Сынақ жүргізу*

Ортадан тепкіш сорғыш қосылады және өрт сөндіру гидранты арқылы өтетін су шығыны 10 нан 40 л/с дейін ауқымда қамтамасыз етіледі.

Су шығыны электромагниттік түрлендіргіштің көмегімен анықталады.

Ескертпе – Су шығынын мөлшерлік тәсілмен, мөлшерін және өлшеу ыдысының толу уақытын өлшеумен анықтауға жол беріледі.

Өрт сөндіру гидрантының аузындағы су қысымы ГОСТ 2405 бойынша манометрдің көмегімен орнатылады.

Қысымның әртүрлілігі (арынның басылуы) дифференциалды датчигінің көмегімен өлшенеді.

Гидравликалық қарсылық өрт сөндіру гидрантының аузындағы су қысымы 0,2 МПа; 0,4 МПа; 0,6 МПа кезінде анықталады.

Өрт сөндіру гидрантындағы гидравликалық қысым S, ($с^2/м^5$), мына формула бойынша анықталады (1):

$$S = \frac{\Delta h}{Q^2}, \quad (1)$$

мұндағы Δh – өрт сөндіру гидрантындағы арынның басылуы, м;

Q – су шығыны, $м^3/с$.

9.3.6.4 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 (кесте 1, параметр 7) талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.7 Өрт сөндіру гидрантының салмағын анықтау сынақтары

9.3.7.1 *Өлшеу құралдары*

Сынақ жүргізу үшін өлшеу ауытқушылығы *кемінде 150 кг және негізгі ауытқушылық шегі ± 1 кг таразы қолданылады.*

9.3.7.2 *Сынақ жүргізу*

Өрт сөндіру гидрантының салмағын анықтау сынақтары таразыда өлшеумен жүргізіледі.

9.3.7.3 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 (кесте 1, параметр 8) талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.8 Өрт сөндіру гидранты тұрқының беріктігін анықтау сынақтары

9.3.8.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы:*

а) *гидравликалық стенд, схемасы Г қосымшасының Г.1суретінде берілді;*

б) электромагниттік түрлендіргіш, өлшеу ауқымы 2,27 ден 226,80 $м^3$/сағдейін және негізгі ауытқушылық шегі ± 1 %;

в) манометр, ГОСТ 2405 бойынша, өлшеу ауқымы 0 ден 1,6 МПа дейін және дәлдік класы 0,4;

г) өлшеу ыдысы, сыйымдылығы кемінде 2 $м^3$, ауытқушылығы ± 0,01 $м^3$;

д) *ортадан тепкіш сорғыш, өнімділігі кемінде 40 л/с;*

е) *сынау ортасы: су,* ГОСТ 2874 бойынша;

ж) *ділтөзімді сұйықтық температурасын өлшейтін термометр, температура өлшеу ауытқушылығының шегі минус 20 °С тан 50 °С дейін, және негізгі ауытқушылық шегі ± 1 °С;*

и) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с, 1 сағ.*

9.3.8.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіру гидранты гидравликалық стендке орнатылады, бұл кезде өрт сөндіру гидрантының клапаны (ысырмасы)ашық болуы тиіс.

9.3.8.3 *Сынақ жүргізу*

Ортадан тепкіш сорғыш қосылады және өрт сөндіру гидранты арқылы өтетін су шығыны 10 нан 40 л/с дейін ауқымда қамтамасыз етіледі.

Су шығыны электромагниттік түрлендіргіштің көмегімен анықталады.

Ескертпе – Су шығынын мөлшерлік тәсілмен, мөлшерін және өлшеу ыдысының толу уақытын өлшеумен анықтауға жол беріледі.

ГОСТ 2405 бойынша манометрдің және ортадан тепкіш сорғыштың көмегімен нақты типтегі өрт сөндіру гидрантына берілген пайдалану құжаттамасына сәйкес жұмысшы қысым орнатылады.

Жұмысшы қысым астында шыдау мерзімі кемінде (120 ± 2) с болуы тиіс.

Белгіленген уақыт өткенде ортадан тепкіш сорғыш жабылады және өрт сөндіру гидранты сырттай қарап тексеріледі.

9.3.8.4 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.9 Өрт сөндіру гидрантын ашу немесе жабу күшін анықтау сынақтары

9.3.9.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтары:*

а) гидравликалық стенд:

- электромагниттік түрлендіргіш, өлшеу ауқымы 2,27 ден 226,80 $м^3$/сағ дейін және негізгі ауытқушылық шегі ± 1 %;
- манометр, ГОСТ 2405 бойынша, өлшеу ауқымы 0 ден 1,6 МПа дейін және дәлдік класы 0,4;
- динамометр, ГОСТ 13837 бойынша, өлшеу шегі 300 Н дейін, дәлдік класы 2 артық емес;
- *ортадан тепкіш сорғыш, өнімділігі кемінде 40 л/с;*
- өлшеу ыдысы, сыйымдылығы кемінде 2 $м^3$, ауытқушылығы ± 0,01 $м^3$;

б) сынау ортасы: су, ГОСТ 2874 бойынша;

в) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с, 1 сағ..*

9.3.9.2 *Сынаққа дайындық*

Өрт сөндіру гидранты гидравликалық стендке орнатылады.

9.3.9.3 *Сынақ жүргізу*

Ортадан тепкіш сорғыш қосылады және өрт сөндіру гидранты арқылы өтетін су шығыны 10 нан 40 л/с дейін ауқымда қамтамасыз етіледі.

Су шығыны электромагниттік түрлендіргіштің көмегімен анықталады.

Ескертпе – Су шығынын мөлшерлік тәсілмен, мөлшерін және өлшеу ыдысының толу уақытын өлшеумен анықтауға жол беріледі.

ГОСТ 2405 бойынша манометрдің және ортадан тепкіш сорғыштың көмегімен нақты типтегі өрт сөндіру гидрантына берілген пайдалану құжаттамасына сәйкес жұмысшы қысым орнатылады.

Өрт сөндіру гидрантының клапанын өрт сөндіру колонкасының кілтімен немесе өрт сөндіру гидранты ысырмасының арнайы кілтімен ашу немесе жабу күші ГОСТ 13837 бойынша динамометрмен өлшенеді.

9.3.9.4 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.3, 5.4.1 және 5.4.2 талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.10 Ағызу құрылғысының жұмыс қабілеттілігін анықтау сынақтары

3.10.1 *Өлшеу құралдары:*

а) өлшеу ыдысы, сыйымдылығы кемінде 2 л, ауытқушылығы ± 0,01 л.

б) *сынау ортасы: су* ГОСТ 2874 бойынша;

в) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с 1 сағ бойына.*

9.3.10.2 *Сынақ жүргізу*

Құрғақ өрт сөндіру гидранты арнайы тұғырлыққа тігінен орнатылады.

Өрт сөндіру гидрантына кемінде 2 л су құйылады.

Өрт сөндіру гидрантында қалған судың мөлшері құйылған су мен одан кемінде (180 ± 2) с ішінде аққан су мөлшерінің арасындағы айырма ретінде анықталады.

9.3.10.3. *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.4. талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.11 Клапанның механикалық беріктігін анықтау сынақтары

9.3.11.1 *Өлшеу құралдары:*

а) динамометр, ГОСТ 13837 бойынша, өлшеу шегі 40 Н дейін, дәлдік класы 2 артық емес;

б) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с 1 сағ бойына.*

9.3.11.2 *Сынақ жүргізу*

Клапанның механикалық беріктігін анықтау сынақтары ашық клапанға кемінде 30 кН осьтік қысу немесе созу күшін кемінде (180 ± 2) с түсірумен жүргізіледі.

Түсірілетінен күш ГОСТ 13837 бойынша динамометрмен өлшенеді, бұл кезде клапанның жұлынып қалуына, сондай-ақ бұранда мен тіректің жаншылуына жол берілмейді.

9.3.11.3 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.2.5. талаптарына сәйкес болса, өрт сөндіру гидранты сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.12 Емік бұрандасының көрсеткіштерін анықтау сынақтары

9.3.12.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы:*

а) *өрт сөндіру колонкасы, ҚР СТ 2801 бойынша;*

